Жалғыз акционерінің шешімімен
бекітілген

2022 жылғы 7 желтоксан,
№ 07/12/22-01 хаттама

Утвержден
решением Единственного акционера

от «7» декабря 2022 года,
протокол № 07/12/22-01

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2022 ж. «28» 12
БСН 041240002875
№ 9315-1901-НАО-АҚ
Бастапқы тіркелген күні
2004 ж. «10» 12

# «First Heartland Jusan Invest» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ акционерного общества «First Heartland Jusan Invest»

Астана, 2022

Астана, 2022

АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

| | |
|---|---|
| **I. Жалпы ережелер**<br>1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «First Heartland Jusan Invest» акционерлік қоғамының қызмет ету және ұйымдасуының құқықтық негіздерін айқындайды.<br>2. Осы Жарғыда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:<br>1) Жалғыз акционер – «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы;<br>2) АҚ туралы Заң – Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы;<br>3) корпоративтік интернет-ресурс – Қоғамға тиесілі және Интернет желісіндегі ресми электронды сайты болып табылатын электронды сайт www.jusaninvest.com;<br>4) Қоғам – «First Heartland Jusan Invest» акционерлік қоғамы;<br>5) ҚР – Қазақстан Республикасы;<br>6) ІАҚ – Ішкі аудит қызметі;<br>7) БАҚ – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсы және (немесе) Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы;<br>8) Уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган. | **I.Общие положения**<br>1. Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовые основы организации и функционирования акционерного общества «First Heartland Jusan Invest».<br>2. В настоящем Уставе используются следующие термины и определения:<br>1) Единственный акционер – акционерное общество «First Heartland Jusan Bank»;<br>2) Закон об АО – Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-II «Об акционерных обществах»;<br>3) корпоративный интернет-ресурс – интернет-ресурс www.jusaninvest.com, принадлежащий Обществу и являющийся официальным электронным сайтом Общества в сети Интернет;<br>4) Общество – акционерное общество «First Heartland Jusan Invest»;<br>5) РК – Республика Казахстан;<br>6) СВА – Служба внутреннего аудита;<br>7) СМИ – интернет-ресурс депозитария финансовой отчетности, определенный в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности (далее - депозитарий финансовой отчетности) и (или) корпоративный интернет-ресурс Общества;<br>8) Уполномоченный орган – государственный орган, осуществляющий государственное регулирование, контроль и надзор финансового рынка и финансовых организаций. |
| **II.Қоғамның артқарушы органының атауы және орналасқан жері**<br>3. Қоғамның фирмалық атауы болады, онда «акционерлік қоғам» ұйымдық-құқықтық нысаны (немесе «АҚ» аббревиатурасы) көрсетілуі және оның атауы қамтылуы тиіс.<br>4. Қоғамның толық атауы:<br>• мемлекеттік тілде: **«First Heartland Jusan Invest» акционерлік қоғамы**;<br>• орыс тілінде: **Акционерное общество «First Heartland Jusan Invest»;**<br>• ағылшын тілінде: **First Heartland Jusan Invest Joint Stock Company**.<br>5. Қоғамның қысқарған атауы:<br>• мемлекеттік тілде: **«Jusan Invest» АҚ**;<br>• орыс тілінде: **АО «Jusan Invest»**;<br>• ағылшын тілінде: **Jusan Invest JSC**.<br>6. Қоғамның уәкілетті органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05K7B0, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Сығанақ көшесі, 70 үй. | **II.Наименование и место нахождения исполнительного органа Общества**<br>3. Общество имеет фирменное наименование, которое включает в себя указание на организационно-правовую форму «акционерное общество» (или аббревиатуру «АО») и его название.<br>4. Полное наименование Общества:<br>• на государственном языке: **«First Heartland Jusan Invest» акционерлік қоғамы**;<br>• на русском языке: **Акционерное общество «First Heartland Jusan Invest»**;<br>• на английском языке: **First Heartland Jusan Invest Joint Stock Company**.<br>5. Сокращенное наименование Общества:<br>• на государственном языке: **«Jusan Invest» АҚ**;<br>• на русском языке: **АО «Jusan Invest»**;<br>• на английском языке: **Jusan Invest JSC**.<br>6. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, Z05K7B0, город Астана, район «Есиль», ул.Сыганак, дом 70. |
| **III. Қоғамның заңды мәртебесі**<br>7. Қоғам ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. Меншік нысаны – жеке меншік.<br>8. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларына ие болатын заңды және жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденті және бейрезиденті Қоғам акционерлері бола алады.<br>9. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.<br>10. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, атауы бар бланкілері, логотиптері және өз қызметін жүргізу процессінде оны дараландыру үшін қажетті басқа деректемелері бар. | **III.Юридический статус Общества**<br>7. Общество является юридическим лицом, созданным в соответствии с законодательством РК. Форма собственности – частная.<br>8. Акционерами Общества могут быть юридические и физические лица – резиденты и нерезиденты Республики Казахстан, которые приобретают акции Общества в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.<br>9. Срок деятельности Общества неограничен.<br>10. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, бланки со своим наименованием, логотип и иные реквизиты, необходимые для его индивидуализации в процессе осуществления своей |

| | |
|---|---|
| 11. Қоғамның фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар.<br>12. Қоғам өз қызметінде ҚР заңнамасына және осы Жарғыны басшылыққа алады.<br>13. Қоғам орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады. | деятельности.<br>11. Общество имеет печать со своим фирменным наименованием.<br>12. Общество в своей деятельности руководствуется законодательством РК и настоящим Уставом.<br>13. Общество является субъектом среднего предпринимательства. |
| **IV. Қоғам қызметінің түрлері мен мақсаттары**<br>14. Жалғыз акционердің мүддесінде заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде таза табыс алу Қоғам қызметінің басты мақсаты болып табылады.<br>15. Қоғам қызметінің түрлері:<br>• бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызмет, соның ішінде номиналды ұстаушы ретінде клиент шоттарын жүргізу құқығымен;<br>• дилерлік қызмет;<br>• ҚР заңнамасы бойынша брокерлік және дилерлік қызметпен қоса атқаруға болатын бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің басқа түрлері;<br>• инвестициялық қоржынды басқару;<br>• қаржылық кеңес беру;<br>• андеррайтинг;<br>• маркет-мейкер қызметтері;<br>• бағалы қағаздар ұстаушысы өкілінің қызметтері;<br>• қор биржасының, соның ішінде шетел мемлекетінің аумағында қызметін жүргізетін бағалы қағаздар тізіміне эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және орналасу процедурасын жөнелту;<br>• ақпараттық-талдау қызметі;<br>• бірігу, жұтылу, қайта құрылымдау, капиталды ұлғайту мәселелері жөніндегі қызметтер;<br>• ҚР заңнамасында тыйым салынбаған қызметтің өзге түрлері.<br>16. Қоғамның ҚР заңнамасында жүргізу үшін рұқсат алу көзделген қызмет саласындағы құқықтық қабілеттілігі тиісті қызмет түріне белгіленген тәртіпте рұқсат алу кезінен туындайды және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда тоқтатылады. | **IV.Цели и виды деятельности Общества**<br>14. Основной целью деятельности Общества является извлечение чистого дохода в интересах Единственного акционера в результате осуществления его законной деятельности.<br>15. Виды деятельности Общества:<br>• брокерская деятельность на рынке ценных бумаг, в том числе с правом ведения счетов клиентов в качестве номинального держателя;<br>• дилерская деятельность;<br>• другие виды профессиональной деятельности на рынке ценных бумаг, совместимые по законодательству РК с брокерской и дилерской деятельностью;<br>• управление инвестиционным портфелем;<br>• финанасовый консалтинг;<br>• андеррайтинг;<br>• услуги маркет-мейкера;<br>• услуги представителя держателей ценных бумаг;<br>• сопровождение процедуры включения и нахождения эмиссионных ценных бумаг в список ценных бумаг фондовой биржи, в том числе осуществляющей деятельность на территории иностранного государства;<br>• информационно-аналитическая деятельность;<br>• услуги по вопросам слияний и поглощений, реструктуризации, наращивания капитала;<br>• иные виды деятельности, не запрещенные законодательством РК.<br>16. Правоспособность Общества в сфере деятельности, на занятие которой законодательством РК предусмотрено получение разрешения, возникает с момента получения в установленном порядке разрешения на соответствующий вид деятельности и прекращается в случаях, предусмотренных законодательством РК. |
| **V. Қоғамның құқықтары мен міндеттері**<br>17. Қоғам қызметінің мақсаттарына жету үшін өзінің атынан ҚР заңнамасы ұсынатын мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға, міндетті болуға, өз атынан заңда жол берілген кез келген мәмілелерді жүргізуге, сотта талапкер және жауапкер болуға, атқарушылық, әкімшілік өндіріс, арбитраж тарабы болуға құқылы.<br>18. Қоғам облигациялар мен бағалы қағаздардың өзге түрлерін шығаруға және ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте оларды таратуға құқылы.<br>19. Қоғам ҚР заңнамасында және (немесе) шетел мемлекетінің заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте ҚР аумағында, сонымен қатар одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.<br>20. Қоғам заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғам атынан және тапсырмасы бойынша олар туралы ереженің негізінде қызмет ететін, Қоғам орналасқан жерден тыс жерлерде орналасқан филиалдар мен | **V.Права и обязанности Общества**<br>17. Общество для достижения целей своей деятельности может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, предоставляемые законодательством РК, нести обязанности, от своего имени совершать любые допустимые законом сделки, быть истцом и ответчиком в суде, стороной в исполнительном, административном производстве, арбитраже.<br>18. Общество вправе выпускать облигации и иные виды ценных бумаг и распространять их в порядке, предусмотренном законодательством РК.<br>19. Общество вправе в порядке, установленном законодательством РК, участвовать в уставных капиталах юридических лиц как на территории РК, так и за ее пределами, за исключением случаев, прямо предусмотренных законодательством РК и (или) законодательством иностранного государства.<br>20. Общество может создавать филиалы и представительства, расположенные вне места своего |

| | |
|---|---|
| өкілдіктерді құра алады. Қоғам меншікті капитал есебінен филиалдар мен өкілдіктерге негізгі және айналым қаражатын береді. Филиалдар мен өкілдіктер қызметіне басшылық жасауды Қоғам тағайындайтын тұлғалар жүргізеді. Филиал (өкілдік) басшысы Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді. | нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании положения о них. Общество наделяет филиалы и представительства основными и оборотными средствами за счет собственного капитала. Руководство деятельностью филиалов и представительств осуществляют лица, назначаемые Обществом. Руководитель филиала (представительства) действует на основании доверенности, выданной Обществом. |
| **VI. Қоғамның құрылтай құжаттары**<br>21. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.<br>22. Мүдделі тұлғалардың барлығы осы Жарғымен, соның ішінде оның кейінгі өзгертулері мен толықтыруларымен танысып шығуға құқылы. | **VI.Учредительные документы Общества**<br>21. Настоящий Устав является учредительным документом Общества.<br>22. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с настоящим Уставом, включая последующие изменения и дополнения к нему. |
| **VII. Қоғамның мүлкі және капиталы**<br>23. Қоғам меншігінде оның дербес балансында есепке алынатын оқшауланған мүлкі бар. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапкершілікте болады. Жалғыз акционер Қоғам міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды және ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда оған тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты залал шегу тәуекелдігінде болады.<br>24. Қоғам мүлкі келесілер есебінен қалыптастырылады:<br>1) Қоғамның орналастырған акцияларының төлеміне Жалғыз акционер табыстаған ақша;<br>2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табыстар;<br>3) ҚР заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүлік.<br>25. Қоғамның Жарғылық капиталы Жалғыз акционердің акцияларды олардың номиналды құны бойынша және инвесторлардың АҚ туралы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша төлемі арқылы қалыптастырылады және ҚР ұлттық валютасында тұлғаланады.<br>26. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жария етілген акцияларын ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте орналастыру арқылы жүргізіледі. | **VII.Имущество и капитал Общества**<br>23. Общество имеет в собственности обособленное имущество, учитываемое на его самостоятельном балансе. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества. Единственный акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами РК.<br>24. Имущество Общества формируется за счет:<br>1) денег, переданных Единственным акционером в оплату размещаемых акций Общества;<br>2) доходов, полученных в результате его деятельности;<br>3) иного имущества, приобретаемого по основаниям, не запрещенным законодательством РК.<br>25. Уставный капитал Общества формируется посредством оплаты акций Единственным акционером по их номинальной стоимости и инвесторами по ценам размещения, определяемым в соответствии с требованиями, установленными Законом об АО, и выражается в национальной валюте РК.<br>26. Увеличение уставного капитала Общества осуществляется посредством размещения объявленных акций Общества в порядке, установленном законодательством РК. |
| **VIII. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары**<br>27. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды, ҚР заңнамасында тыйым салынбаған басқа қаржы құралдарын шығаруға және орналастыруға құқылы. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.<br>28. Қоғамның алтын акцияны шығару құқығы жоқ.<br>29. Акция бөлінбейді. Егер акция бірнеше тұлғаға ортақ меншік құқығында тиесілі болса, олар бір акционер деп танылады және өздерінің өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.<br>30. Ешбір тұлға Уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз дербес немесе басқа тұлға (тұлғалармен) бірге Қоғамның ірі қатысушысы бола алмайды.<br>31. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция Жалғыз | **VIII. Акции и другие ценные бумаги Общества**<br>27. Общество вправе выпускать и размещать простые акции либо простые и привилегированные акции, иные финансовые инструменты, не запрещенные законодательством РК. Выпуск акций Общества осуществляется в бездокументарной форме.<br>28. Общество не имеет право выпускать золотую акцию.<br>29. Акция не делима. Если акция принадлежит на праве общей собственности нескольким лицам, все они признаются одним акционером и пользуются правами, удостоверенными акцией, через своего общего представителя.<br>30. Ни одно лицо самостоятельно или совместно с другим (другими) лицом (лицами) не может являться крупным участником Общества без письменного согласия Уполномоченного органа.<br>31. Простая акция предоставляет Единственному акционеру право на принятие решений по всем вопросам, выносимым на его рассмотрение. Простая |

| | |
|---|---|
| акционерге Қоғамда таза табыс болған кезде дивиденд алу және Қоғамды тарату кезінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте мүліктің бөлігін алу құқығын береді. | акция также предоставляет Единственному акционеру права на получение дивидендов при наличии у Общества чистого дохода и на получение части имущества Общества при его ликвидации в порядке, установленном законодательством РК. |
| **IX. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары**<br>32. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:<br>1) АҚ туралы Заңда және Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;<br>2) дивиденд алуға;<br>3) Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде ол немесе Қоғам Жарғысында анықтаған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға, келесі ақпаратты коспағанда:<br>-сұрау салу күніне қаржылық есептілік депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған;<br>-соңғы үш жыл ішінде қайталап сұралған (акционер бұрын сұраған ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);<br>-орындалуы акционер талап еткен күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне байланысты (акционердің сұрау салу күніне дейін үш жылдан астам);<br><br>4) Қоғам орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;<br>5) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын және мүшелерін тағайындауға;<br>6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;<br>7) АҚ туралы Заңның 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда өз атынан Қоғамның лауазымдық тұлғаларының Қоғамға келтірген залалдардың орнын толтыру және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәмілелелерді жасасу (жасасуды ұсыну) туралы шешімнің нәтижесінде олар алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтару талабымен сот органдарына жүгінуге;<br>8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен хабарласуға және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;<br>9) Қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне;<br>10) ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның басқа бағалы қағаздарын және акцияларды басымдықты сатып алуға құқылы;<br>11) Қоғам акцияларының санын өзгертуге немесе олардың түрін АҚ туралы Заңда көзделген тәртіпте өзгертуге;<br>12) Қоғам Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;<br>13) өз есебінен Қоғам аудитін аудиторлық ұйымның өткізуін талап етуге.<br>33. Жалғыз акционердің ҚР заңнамасында көзделген басқа құқықтарға ие болуы мүмкін.<br>34. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жарғының 33-тармағымен белгіленген Жалғыз акционерінің құқықтарын шектеуге жол берілмейді. | **IX.Права Единственного акционера Общества**<br>32. Единственный акционер Общества имеет право:<br>1) участвовать в управлении Обществом в порядке, предусмотренном Законом об АО и настоящим Уставом;<br>2) получать дивиденды;<br>3) получать информацию о деятельности Общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Общества, в порядке, определенном им или Уставом Общества, за исключением информации:<br>-опубликованной на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности на дату предъявления требования;<br>-запрашиваемой повторно в течение последних трех лет (при условии, что ранее запрашиваемая акционером информация была предоставлена в полном объеме);<br>-относящейся к прошлым периодам деятельности Общества (более трех лет до даты обращения акционера), за исключением информации о сделках, исполнение по которым осуществляется на дату обращения акционера;<br><br>4) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;<br>5) назначать председателя и членов Совета директоров Общества;<br>6) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения;<br>7) обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных статьями 63 и 74 Закона об АО, с требованием о возмещении Обществу должностными лицами Общества убытков, причиненных Обществу, и возврате Обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность;<br>8) обращаться в Общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты поступления запроса в Общество;<br>9) на часть имущества при ликвидации Общества;<br>10) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом об АО, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами РК;<br>11) изменять количество акций Общества или изменять их вид в порядке, предусмотренном Законом об АО;<br>12) требовать созыва заседания Совета директоров Общества;<br>13) требовать проведения аудиторской организацией аудита Общества за свой счет.<br>33. Единственный акционер может иметь и другие |

| | |
|---|---|
| | права, предусмотренные законодательством РК.<br>34. Не допускается ограничения прав Единственного акционера, установленных пунктом 33 Устава, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. |
| **X. Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері**<br>35. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:<br>1) акцияларды төлеуге;<br>2) 10 (он) жұмыс күннің ішінде Қоғам орталық депозитарийіне және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;<br>3) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;<br>4) АҚ туралы Заңға және ҚР өзге заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға.<br>36. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналдық ұстаушы Жалғыз акционердің Жарғының 36-тармағы 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауы үшін жауапкершілікте болмайды.<br>37. Жалғыз акционер Уәкілетті органның пруденциалдық нормативтерді белгіленген деңгейден төмендетілмейтін деңгейде ұстап тұру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шараларды қабылдауға міндетті. | **X. Обязанности Единственного акционера Общества**<br>35. Единственный акционер Общества обязан:<br>1) оплатить акции;<br>2) в течение 10 (десяти) рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих Единственному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества;<br>3) не разглашать информацию об Обществе или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;<br>4) исполнять иные обязанности в соответствии с Законом об АО и иными законодательными актами РК.<br>36.Общество, центральный депозитарий и (или) номинальный держатель не несут ответственности за последствия неисполнения Единственным акционером требования, установленного подпунктом 2) пункта 36 Устава.<br>37. Единственный акционер обязан принимать меры, предусмотренные нормативными правовыми актами Уполномоченного органа, по поддержанию пруденциальных нормативов на уровне, не ниже установленных. |
| **XI. Қоғам акцияларын орналастыру**<br>38. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.<br>Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде оның акцияларын орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.<br>Акцияларды орналастыру Жалғыз акционердің акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сондай-ақ АҚ туралы Заңда және ҚР өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін Қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.<br>39. Жалғыз акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін берілген 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде акцияны немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды иеліктен айырған кезде, егер Жалғыз акционер мұндай өтініш бермеген жағдайда бұл құқық акцияның немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне өтеді.<br>40. Акцияларды орналастыру туралы шешім | **XI.Размещение акций Общества**<br>38. Общество вправе размещать свои акции после государственной регистрации их выпуска посредством одного или нескольких размещений в пределах объявленного количества акций.<br>Решение о размещении акций Общества в пределах количества его объявленных акций принимается Советом директоров Общества.<br>Размещение акций осуществляется посредством реализации Единственным акционером права преимущественной покупки акций или других ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества, подписки или аукциона, проводимых на неорганизованном рынке ценных бумаг, либо подписки или аукциона, проводимых на организованном рынке ценных бумаг, а также посредством конвертирования ценных бумаг и (или) денежных обязательств Общества в акции Общества в случаях, предусмотренных Законом об АО и иными законодательными актами РК.<br>39. При отчуждении Единственным акционером акции или другой ценной бумаги, конвертируемой в простые акции Общества, в течение 30 (тридцати) календарных дней, предоставленных ему для подачи заявки на приобретение акции или другой ценной бумаги, конвертируемой в простые акции Общества, в соответствии с правом преимущественной покупки данное право переходит к новому собственнику акции или другой ценной бумаги, конвертируемой в простые акции Общества, в случае, если Единственный акционер не подал такой заявки.<br>40. Цена размещения акций, установленная для данного размещения органом Общества, принявшим решение о размещении акций, является наименьшей |

| | |
|---|---|
| қабылдаған Қоғамның органы осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылуы мүмкін ең төменгі бағасы болып табылады.<br>Жалғыз акционер акцияларды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес Қоғамның орналастыру туралы шешім қабылдаған органы белгілеген осы акциялардың бірыңғай ең төменгі орналастыру бағасы бойынша сатып алады.<br>Қоғамның акциялары осы орналастыру шегінде акцияларды жазылу арқылы сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай баға бойынша сатылуы тиіс.<br>41. Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылатын акциялардың санын ұлғайту және (немесе) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру шеңберінде Жалғыз акционерге ұсынылған бағаны азайту арқылы жарияланған акцияларды орналастыру туралы бұрын қабылданған шешімнің талаптарын өзгерту туралы шешімді қабылдаған жағдайда, Қоғам Жалғыз акционерге осы акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын қайта ұсынады. | ценой, по которой данные акции могут быть проданы.<br>Единственный акционер приобретает акции в соответствии с правом преимущественной покупки по единой наименьшей цене размещения данных акций, установленной органом Общества, принявшим решение о размещении.<br>Акции общества подлежат продаже по единой цене для всех лиц, приобретающих акции посредством подписки, в пределах данного размещения.<br>41. В случае принятия Советом директоров Общества решения об изменении условий ранее принятого решения о размещении объявленных акций путем увеличения количества размещаемых акций и (или) уменьшения цены, по которой они предлагались Единственному акционеру в рамках реализации права преимущественной покупки, Общество повторно предоставляет Единственному акционеру право преимущественной покупки данных акций. |
| **XII.Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімі**<br>42. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.<br>43. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу сондай-ақ ол бойынша Уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі ҚР бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленеді.<br>44. Қоғам өз акциялары шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында Уәкілетті органға құжаттар табыс етілгенге дейін Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет көрсету туралы қоғамның орталық депозитариймен шарт жасасуға міндетті.<br>45. Қоғамның бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде тіркелген тұлға 10 (он) күн ішінде орталық депозитарийіне және нақтылы акция ұстаушысына Қоғам акцияларын ұстаушылары тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға міндетті.<br>46. Дауыс беретін акциялардың жалпы санының 5% (бес пайызынан) артық санына басқару құқығын немесе меншік құқығын алған тұлға 10 (он) күнтізбелік күн ішінде растау құжаттарын ұсына отырып, аталған мәмілені жасасу туралы Уәкілетті органға жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.<br>47. Талаптар Қоғам акциялары және Қоғам акцияларына шығарылған депозитарлық қолхаттармен жасалатын мәмілелердің барлық түрлерін қамтиды.<br>48. Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі (нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ. | **XII.Реестр держателей акций Общества**<br>42. Ведение системы реестров держателей акций Общества может осуществлять только центральный депозитарий.<br>43. Порядок ведения системы реестров держателей акций Общества, а также предоставления Уполномоченному органу информации по нему определяется законодательством РК о рынке ценных бумаг.<br>44. Общество обязано заключить с центральным депозитарием договор об оказании услуг по ведению системы реестров держателей акций Общества до представления Уполномоченному органу документов в целях государственной регистрации выпуска акций Общества.<br>45. Лицо, зарегистрированное в системе реестров держателей ценных бумаг Общества, в течение 10 (десяти) дней обязано извещать центральный депозитарий и номинального держателя акций, принадлежащих данному лицу, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества.<br>46. Лицо, получающее право собственности или право управления голосующими акциями Общества в количестве более 5% (пяти процентов) от общего числа голосующих акций, обязано представить в течение 10 (десяти) календарных дней письменное уведомление в Уполномоченный орган о совершении указанной сделки с представлением подтверждающих документов.<br>47. Требования распространяются на все виды сделок с акциями Общества и депозитарными расписками, выпущенными на акции Общества.<br>48. До полной оплаты размещаемой акции Общество не вправе давать приказ о зачислении данной акции на лицевой счет ее приобретателя в системе реестров держателей акций Общества (системе учета номинального держателя). |
| **XIII. Орналастырылатын Қоғам акцияларын төлеу**<br>49. Қоғам акциялары ҚР ұлттық валютасындағы ақшамен ғана төленуі мүмкін.<br>50. Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын, | **XIII.Оплата размещаемых акций Общества**<br>49. Акции Общества могут быть оплачены только деньгами в национальной валюте РК.<br>50. Оплата акций или других ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества, |

| | |
|---|---|
| басымдықты сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды төлеуді Жалғыз акционер оларды сатып алу өтінімін берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. | приобретаемых по праву преимущественной покупки, осуществляется Единственным акционером в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты подачи заявки на их приобретение. |
| **XIV. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер**<br>51. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер Жалғыз акционер шешімі бойынша ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.<br>Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.<br>Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы АҚ туралы Заңда және (немесе) шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.<br>52. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің кезеңділігі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.<br>53. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы Қоғам есебінен төленеді.<br>54. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.<br>55. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:<br>1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;<br>2) егер Қоғам ҚР оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді;<br>3) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы" және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.<br><br>56. Жалғыз акционер, осы Жарғының 56 тармағындағы негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.<br>Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.<br>57. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан, жартыжылдық немесе жылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек қана Қоғамның | **XIV.Дивиденды по акциям Общества**<br>51. Дивиденды по акциям Общества выплачиваются деньгами или ценными бумагами Общества по решению Единственного акционера.<br>Выплата дивидендов по акциям Общества его ценными бумагами допускается только при условии, что такая выплата осуществляется объявленными акциями Общества и (или) выпущенными им облигациями при наличии письменного согласия Единственного акционера.<br>Отчуждение акции с невыплаченными дивидендами осуществляется с правом на их получение новым собственником акции, если иное не предусмотрено Законом об АО и (или) договором об отчуждении акций.<br>52. Периодичность выплаты дивидендов по акциям Общества определяется проспектом выпуска акций.<br>53. Выплата дивидендов по акциям Общества может производиться через платежного агента. Оплата услуг платежного агента производится за счет Общества.<br>54. Дивиденды не начисляются и не выплачиваются по акциям, которые не были размещены или были выкуплены самим Обществом, а также если судом или Единственным акционером принято решение о его ликвидации.<br>55. Не допускается начисление дивидендов по простым акциям Общества:<br>1) при отрицательном размере собственного капитала или если размер собственного капитала Общества станет отрицательным в результате начисления дивидендов по его акциям;<br>2) если Общество отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством РК о реабилитации и банкротстве либо указанные признаки появятся у Общества в результате начисления дивидендов по его акциям.<br>3) в случаях, предусмотренных законами Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», «О страховой деятельности» и «О рынке ценных бумаг».<br>56. Единственный акционер вправе требовать выплаты неполученных дивидендов независимо от срока образования задолженности Общества, за исключением случаев, когда дивиденд не начислен по основаниям пункта 56 настоящего Устава.<br>В случае невыплаты дивидендов в срок, установленный для их выплаты, Единственному акционеру выплачиваются основная сумма дивидендов и пеня, исчисляемая исходя из базовой ставки Национального Банка Республики Казахстан на день исполнения денежного обязательства или его соответствующей части.<br>57. Выплата дивидендов по простым акциям Общества по итогам квартала, полугодия или года осуществляется только после проведения аудита финансовой отчетности Общества за соответствующий период и по решению |

| | |
|---|---|
| тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады. Жалғыз акционердің жай акциялар бойынша тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.<br>Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдай алады.<br>58. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:<br>1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;<br>2) дивидендтер төленетін кезең;<br>3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;<br>4) дивидендтер төлеу басталатын күні;<br>5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны болуы тиіс.<br>6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде);<br>7) Дивидендтерді төлеу Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді бекіткен күннен кейінгі күннен бастап тоқсан күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. | Единственного акционера. В решении Единственного акционера о выплате дивидендов по простым акциям указывается размер дивиденда на одну простую акцию.<br>Единственный акционер Общества вправе принять решение о невыплате дивидендов.<br>58. Решение о выплате дивидендов по простым акциям Общества должно содержать следующие сведения:<br>1) наименование, место нахождения, банковские и иные реквизиты Общества;<br>2) период, за который выплачиваются дивиденды;<br>3) размер дивиденда в расчете на одну простую акцию;<br>4) дату начала выплаты дивидендов;<br>5) порядок и форму выплаты дивидендов;<br>6)<br>7) наименование платежного агента (при наличии платежного агента).<br>Выплата дивидендов должна быть осуществлена не позднее девяноста календарных дней с даты, следующей за датой утверждения Единственным акционером решения о выплате дивидендов по простым акциям Общества. |
